



«ALQA FOUNDATION»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МӘДЕНИЕТ
ҚОРЫ



АБАЙ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті әріптестер!

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті «ALQA Foundation» Халықаралық Мәдениет Қорымен бірлесе отырып **2020 жылдың 27 ақпаны күні** ұлы ақын Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына арналған Алматы қаласы жоғары оқу орындарының білім алушылары (студенттер, магистранттар, докторанттар) арасында «**Абайды білмек парыз ойлы жасқа**» атты ақынның қара сөздері бойынша *постерлік баяндамалар* конкурсын өткізетіндігін хабарлайды.

Конкурстың негізгі идеясы - қара сөздер туралы қысқаша ғылыми постерлік баяндама жасай отырып, оны түсіндірудің, жеткізудің оңтайлы әрі қызықты тәсілін ұсыну.

Конкурстың мақсаты - жоғары оқу орындарында оқитын білім алушыларды ғылыми ізденістерін қолдау, білім мен ғылымның интеграциясын дамытуға ықпал жасау.

Конкурстың міндеті - жастар арасында ұлы Абайдың әдеби мұрасын насихаттау; Абайдың қара сөздерін түсіндіру әдістемесін жетілдіруге үлес қосу; жастардың бойында жұрт алдында сөйлеу дағдысы мен шешендік өнерін дамыту; жоғары оқу орындарында білім алушы жастардың рухани байланысын нығайту.

Конкурс туралы толық ақпарат Ережеде берілген (Ереже ақпараттық хатқа қоса тіркелді).

Ұйымдастыру комитетінің мекен-жайы:

050010, Алматы қ., Достық даңғылы, 13

e-mail: poster.2020@mail.ru

Телефондар:

Тел.: 8 (727) 2-91-40-85 *Найманбаев Алмас Абдиманович*

Ұялы. тел.: 87013352729 *Ибраева Айзат Дюсеновна*, 87086310381 *Юсуп Айжан Нұрашқызы*, 87077100922 *Құттыбаев Шоқанхан Дүйсенханұлы*.

